

FTAХР 17.01.45

Ә. Өзбекбай<sup>1</sup>, Ж.О. Мәмбетов<sup>2</sup>

<sup>1</sup>С. Демирел атындағы университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## АЛАШ, ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ

**Аңдатпа.** Біз бұл мақаламызда Алаш зиялыларының ұлттық идеясына, оның маңызына тоқталдық. Оның зерттелуі, бүгінгі таңдағы маңызын атап көрсеттік. Бұл жұмысты жазу барысында Алаш зиялыларының еңбектері мен мақалаларын, басқа да авторлардың осы тақырыпқа қатысты зерттеулері мен еңбектерін қолдандық. Оқу-ағарту жолындағы және ұлтты оятудағы азаматтарымыздың өмірі айтылған бірқатар деректерді пайдаландық.

**Түйін сөздер:** Алаш, идея, ұлттық идея, білім, оқу-ағарту, оқулық, әдістемелік мұра, бүгінгі білім беру.

\*\*\*

**Аннотация.** В этой статье мы коснулись национальной идеи алашской интеллигенции, и ее значения. Мы подчеркнули значимость в настоящее время. При написании этой работы мы использовали труды и статьи алашской интеллигенции, исследования и труды других авторов по данной теме, с рядом данных, рассказывающих о жизни наших граждан на пути просвещения и пробуждения нации.

**Ключевые слова:** Алаш, идея, национальная идея, знание, просвещение, учебник, методическое наследие, современное образование.

\*\*\*

**Abstract.** In this article, we touched on the national idea of the Alash intelligentsia, its significance. We stressed its importance today. When writing this work, we used the works and articles of the Alash intelligentsia, research and works of other authors on this topic. We used a series of data that tells about the lives of our citizens on the path of enlightenment and awakening of the nation.

**Keywords:** Alash, idea, national idea, knowledge, enlightenment, textbook, methodical heritage, modern education.

Алаш зиялылары қазақ әдебиетінде, тарихында, психологиясында, салт-санасында орасан зор орын алады. Ауыздан-ауызға тараған тараған әдеби мұраны зерттеп жазу, оқу-ағарту саласында талмай қызмет ету, оқу жазу, жер, ұлт, тіл мәселелеріне бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып атсалысқанына тарих куә. Олардың басты ұстанымы: Ұлттық мемлекет

қалыптастыру болатын. Аталған идея бүгінгі күні де маңызды мәселелер қатарында.

Алаш зиялылары көптеген жалпықазақ идеясын бүгінгі жастардың санасына сіңіру керектігін біраз ұлт зиялылары тақырыптары арқау еткен болатын. Ол идея сонау Тоныкөк, Күлтегін жазбаларынан бастау алып, әр заманда түрліше жеткізіліп келеді [1;4]. Себебі, уақыт өткен сайын қажеттіліктер мен құндылықтар ауысып жатыр. Алайда, біз ең бірінші, тәуелсіз ойлау жүйесін қалыптастыруды әрқашан негізгі мақсат ертіңде қарастырып келеміз.

Бүгінгі қоғамда емес, кез келген уақытта тәуелсіз ойлау маңызды болмақ. Тәуелсіз ойлай алатын адамның бойында күш-қуаты мол болады. Ондай тұлғалар толағай білімдіден де, мол тәжірибеліден де бағалы. Тәуелсіз ойлай алмайтын болсаңыз, бойыңыздағы қасиеттер ең шешуші сәтте жай ғана құндылық болып қала бермек.

Алаш зиялы қауымы қиын кезде де өз ойларын тәуелсіз жеткізе алғандығын 1917 жылы *Алаш* партиясының дүниеге келгенінен көре аламыз. Партия құру арқылы нақты ұлттық идеяның негізі қаланды. Ол – біртұтас Алаш идеясы еді.

Сан ғасырлық тарихы бар ұлан-ғайыр кең байтақ қазақ даласында көптеген дүниелер (қазақ хандығының құрылуы, жер үшін ердің күресі, бодандық, реформа тағы басқалары) орын алды. XV ғасырдың II жартысында құрылған қазақ хандығынан бастап бүгінге дейін алаш жұртында болған түрлі толқулар мен көтерілістердің әсері болмай қойған жоқ.

Тарихи оқиғалар, тарихи кезең әрбір халықтың басында бола отырып, сол халықтың болашағын көрсетіп отырады. Адам айтса нанғысыз, әдіс – тәсілдерді ойлап тауып, педагогика ғылымының дамуына өзіндік әсерін тигізген тұлғалар әр дәуірде өмір сүрді. Олардың есімі өз заманының дара тұлғасы ретінде ерекше сарында суреттеледі. Қазақ даласында аты тарихқа алтын әріптермен жазылған тұлғалар өте көп. Оған мысал ретінде кешегі Алаш зиялылары. Олардың идеялары мен алға жылжу, білім алу үшін мәңгілік ел болып қалудағы жоспарлары бүгінге дейін өз маңызын жойған емес.

Қазақ әдебиеті ғылымы – теңдесі жоқ ақылшы, қайғы мен қуанышта үнемі қапысыз жолдас болатын тірегіміз. Адам жанын түсіне отырып, гүлдендіретін бұл ғылым саласының тарихы тереңде жатыр. Бұл ғылымның бір ерекшелігі тарихпен де байланыста болуында. Әдебиетті оқи отырып, тарихқа соқпай кете алмаймыз. Екі ғылым бір-бірін толықтырып отырады. Осындай қасиеті үшін шама-шарқымыз келгенше зерттеп көру үшін жан-жақты ойланып, осы тақырыпты таңдадым. Қай халықты алсақ та әрқайсысының өзіне тән ұлттық дәстүрі, салт-санасы мен әдет-ғұрпы, тәлім тәрбие бастаулары бар. Сол ұлттық салт-дәстүрді, жөн-жоралғыларды ұрпақтан ұрпаққа жеткізу үлкен міндет. Егер осы

сарқылмас қазына – ата-баба мұралары балаға мирас болып берілмесе, тәлім-тәрбиенің тіні үзіліп, халықтың келешегі күңгірттене түсер еді. XX ғасырдың бас кезі қазақ өміріндегі азаттық жолындағы күрестің, яғни, саяси – әлеуметтік қозғалыстың үрдісі дамып, құлаш жая бастаған тұсы болып табылады.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ ағартушылары мен ақын-жазушылары аңсаған ілім-білімге үндеу, XX ғасырдың бас кезінде біршама нәтижесін беріп, алдыңғы қатардағы азаматтар елді ояту, азаттыққа ұмтылу мақсатына жетеледі. Осынау зиялылар арасында ел бағытын айқындап сара жолды жаңылмай нұсқап, адастырмас даңғылға алып шығуға жаңа тұлғалар шоғыры қоғамдық өмір өрінде көріне бастады.

Абайдың жалғасы Шәкәрім шығармашылығы осы тұста өзінің шырқау биігіне көтерілсе, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Ғұмар Қараш, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мағжан Жұмабаев тәрізді алыптар әдебиет айдынына шығып, әдебиетіміздің жазба түрін жаңа белестерге көтерді. XX ғасырда ұлт зиялылары бастаған оқу-ағартуға негізделген жолда талай қиындықтан өтіп, алға қадам басуға ниеттенгенді.

Жоғарыда айтып өткеніміздей қазақ халқының өзіне тән тәлім-тәрбие бұлағы бар. Алаш зиялылары ұстанған жолмен жүріп, алыптар қалдырған мұрамен сусындап өскен ұрпақ елі үшін қызмет етпек. Біздің тақырыбымыздың өзектілігі де осында.

Қазақ халқы ұлт-азаттық күресінің асқар шыңы – XX ғасыр басындағы Алаш қозғалысы болды. Қозғалыс атауы есімі аңызға айналған Алаша ханға байланысты аталды. *«Қазақ» атауына балама саналатын «Алаш» сөзі тәуелсіз қазақ мемлекетін құру туралы ел арманын білдірді.* Бұл қозғалыстың бастауында оқыған қазақ зиялылары тұрды [1;41]. Бұл деректе келтірілгендей бұл қозғалыстың тарихи тұрғыдан да, қазақ халқының жандану тұрғысынан да алар орны ерекше болды. Зиялылар мемлекет болып қалыптасуы үшін біршама жобалар жасады. Болашақ қазақ халқы қандай болу керек. Оларға қандай жүйе керек. Оқу-білім мәселесі, ел басқару т.б. көптеген дүниелерді осы партияны құрмас бұрын ойластырып, жоспарлап, жүйелеген еді.

Қазақ қоғамында сол идеяға басшылық еткен ұлт көсемі – Әлихан Бөкейхан еді. Ол бастаған топ партияның 5 түрлі ұстанымын көрсетті. Олар: жер, байлық, экономикалық тәуелсіздік, ұлттық тіл, дін мен діл мәселесі, дәстүрге негізделген заң [2;12].

*1917 жылы шілдеде Орынборда Бірінші жалпықазақ съезі шақырылды.* Онда мемлекеттік басқару, автономия, халықтық милиция құру, оқу-ағарту, сот, Құрылтай жиналысына қатысу, саяси партиялар құру т.б. жөніндегі мәселелер қарастырылды [1;42]. Жаңа құрылғалы тұрған жас мемлекет үшін аталған мәселелердің алар орны ерекше еді. Алайда,

аталғандардың барлығына бірден қол жеткізу қиын екенін емеппе алсақ, маңызды дегендерге бірінші қадам басуға тура келді.

«Алаш» партиясы бағдармасының жобасы. Бүкіл Орталық Азияда алға қойған мақсаты мен саяси мәні және қамтыған мәселелерінің ауқымдылығы жөнінде «Алаш» партиясына тең келең бірде-бір қозғалыс не саяси партия болған жоқ. Оның өзіндік себептері де бар. Мысалы, сол кезде туындаған қажеттілік, оқу-білімге шақыру т.б. партия бағдарлама жобасының бірінші тарауында елді басқару нысаны мен құрылымы қарастырылды.

Бағдарламаның «Ғылым-білім үйрету» деп аталатын тоғызыншы тарауында оқу-білім ісін барша жұрттың игілігіне айналдыру идеясы қолға алынды. *«Оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық һәм ақысыз болу; жұртқа жалпы оқу жайылу. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқу; қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашу...»*, - деп атап көрсетілді. «Алаш» қайраткерлері тұжырымы бүгінгі өмірімізде де өз құнын жойған жоқ [3; 44].

*Оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық һәм ақысыз болуы.* Дәл сол тұста қазақ үшін аса маңызды, шешімін табуы қиын болған мәселелердің бірі осы еді. Қазақтағы байдың балалары мұсылманша сауатын молдалардан ашатын. Молданың да сабақ беруі кедейлердің қалтасы көтермейтін. Сонда қазақ даласында екі топ қатар өсіп келе жатты. Біріншісі, молдадан сауатын ашқан топ болса, екіншісі, сауаты жоқ кедей балалары. Алайда, кедейдің балалары да оқымады деп шорт кесе алмаймыз. Өз бетінше білім алып, оқу мен жазуды үйренген қаншама тұлғалар бар. Оған дәлел сол ғасырда жазылған шығармалардың кейіпкерлері бола алады.

*Жұртқа жалпы оқу жайылу.* Қазақ қоғамы үшін білімге бет бұру аса маңызды еді. Өзге елдермен терезесі тең болу үшін, алға қадам басу үшін ең басты керек байлық – білім болды. Ол білімді белгілі бір жерлерге емес, бүкіл қазақ даласына тарату да басты мәселелердің бірі-етін. Қазақ даласында қазақ тілінде білім беретін мектептерді ашу аса маңызды еді. Балалардың ғана емес, үлкендердің де білім алуға жағдай жасау керек еді.

Алаш зиялыларының әдістемелік еңбектері және олардың инновациялық технологиямен байланысы: Білім берудің өзектілігін арттыру үшін мамандар өзіне дейінгі еңбектерді назарға алып, соның негізінде жаңа дүние ойлап таба алуы керек. Ойлап табылған дүниелер жүйелі, оқушылардың білімді қабылдау процесін жеңілдетуі керек. Біз бұл жұмысымызды жазу үшін Алаштықтардың әдістемелік мұраларымен танысып, бүгінгі күндегі білім беру жүйесімен салыстырдық. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың көрсеткен әдіс-тәсілдерін бүгінгі күнде қалай қолдансақ ұтымды болады.

*Бастауыш мектепте ана тілінде оқу.* Балаға кішкентай кезінен ана тілінде білім беру мен ұлттық салт-сананы меңгерту де маңызды фрагмент. Балаға 13 жастан бастап қана өзге тілдерді оқыту керек. Оған дейін тек өзінің салт-дәстүрін, тарихын, әдебиеті мен мәдениетін меңгерту керек. Сонда ғана бала өз Отаны үшін адал қызмет ете алады.

Бүгінгі қазақ даласында баласын орыс мектебіне беріп, орысша тәрбиелеп жүрген отбасылардың саны да аз емес. Онымен қоймай баланы неше түрлі үйірмелерге береді. Мысалы, ағылшын, би, жүзу т.б. Баланың жан жақты болғаны, бірнеше тіл білгеніне қарсы емеспіз, алайда, өз ұлтының құндылықтарын бойына сіңірген соң жетілсе, шабысы ұзаққа бармақ.

*Қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашу.* Қазақ даласында алғаш балалар ауыл молдасынан, киіз үйде сауат ашқаны белгілі. Ең алғаш қазақ даласында «мектеп» ашқан – Кіші орданың ханы Жәңгір, одан бертін келе - Ы. Алтынсарин еді. Ол мектептер сол кезде өз міндетін өте жоғары деңгейде орындады. Десек те, бүкіл қазақты білім нәрімен сусындатуға ол жеткіліксіз еді. Сол тұста қазақ үшін тағы да маңызды, кейінге ысырып тастауға келмейтін бір мәселе – орта мектептер мен жоғары оқу орындары болды.

Сол кезде арман болған университеттер бүгін қазақ елінде өте көп. Саны жағынан ғана емес, сапасы жағынан да жақсы көрсеткіштер көрсетуде. Жыл сайын миллиондаған мамандар бакалаврды тәмамдап қазақ халқы үшін қызмет етуде.

*Оқу жолы өз алдына автономия түрінде болу.* Білім беру жүйесі бірден қалыптаса салмайды. Оған біршама жылдар кетеді. Қаншама тәжірбие жасалу керек, талданып, талқыланып, сүзгіден өтуі шарт. Ол кезде айтарлықтай қиындық тудырған білім саласы бүгінгі таңда өз шешімін тауып, біршама алға қадам басып келеді. Мысалы, бірер жыл ғана бұрын қабылданған *жаңартылған білім беру жүйесі*. Бүгінгі күнде барлық мектептер сол жүйеге ауысып жатыр. Тиімді-тиімсіз тұстарын таразыға салып, кем-кетіктері жөнделуде. Балалардың білімге деген құштарлығын ашу мақсатында көптеген іс-шаралар да өткізіліп жатыр. Бұның барлығы қазақ халқының білімге деген бет-бұрысының оң екенін көрсетеді.

*Ел ішінде кітапханалар ашылу.* Көркем әдебиет (жалпы кітап дүниесі) – мәңгілік нәрсе. Ол талай ұрпаққа, ғасырларға қызмет етеді. Уақыт өтеді, заман өзгереді, қоғам алмасады. Бірақ әдебиет кітабы қалады. Оны талай ұрпақ оқиды, өзінше ұғады, түсінуге тырысады [2;15] ал кітаптарға қол жеткізу үшін кітапханаларда болу керек. Артық білім кітапта, ерінбе оқып көруге дегендей білімнің көзі – кітап екенін баршамыз білеміз. Дәл сол тұста қазақ үшін аса маңызды, шешімін табуы қиын болған мәселелердің бірі осы еді. Қазақтағы байдың балалары мұсылманша сауатын молдалардан ашатын. Молданың да сабақ беруі кедейлердің қалтасы көтермейтін. Сонда қазақ даласында екі топ қатар өсіп келе жатты.

Біріншісі, молдадан сауатын ашқан топ болса, екіншісі, сауаты жоқ кедей балалары. Алайда, кедейдің балалары да оқымады деп шорт кесе алмаймыз. Өз бетінше білім алып, оқу мен жазуды үйренген қаншама тұлғалар бар. Оған дәлел сол ғасырда жазылған шығармалардың кейіпкерлері бола алады.

Бүгінгі таңда кітапхананың түрі көп: ашық, тегін, ақылы, онлайн т.б. Қай тілде оқығыңыз келсе де ешкім кедергі келтірмейді. Алайда, қаншалықты жиі сол кітапханаларға баратынымыз белгісіз. Қазіргі қоғам қарбаласқа толы болғандықтан, көпшілігінің кітап оқуға уақыты болмай жатады. Ал кейбір кітап сүйер қауым өз үйінен жекеменшік кітапхана жасап, сол жақтан білімін ұштай түседі.

Әдебиетті оқытудағы өзекті мәселелер барлық қазақ тілі мен әдебиетін беретін ұстаздар мен оқытушыларды толғандырмай қойған емес. XX ғасырдың басында әдебиетті қалай, неден бастап оқыту керектігін Алаш зиялылары да өздерінің күн тәртібіне қойған еді. Көптеген ғалымдар арасында талас тудырған біршама сұрақтар да болды. Мысалы, *Қазақ әдебиеті өз бастауын қай кезеңнен алады* деген секілді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 Жұртбай Т. Біртұтас Алаш Идеясы: толғаныстар/Тұрсын Жұртбай. – Алматы: «Хантәңірі» баспасы, 2016. – 380 б.
- 2 Қирабаев С. Әдебиетті қайта оқу. Әдебиеттік зерттеулер мен мақалалар/Серік Қирабаев. – Алматы: «Балауса» баспасы, 2010. – 320 б.
- 3 «Алаштың» тілдік мұрасы: Мақалалар жинағы./Құраст.: С. Шүкірұлы, Е. Тілешов. – Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2009. – 364 б.
- 4 Бөкейханов Ә. Шығармалары. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.
- 5 Әбдіманов Ә. «Қазақ» газеті – Алматы: Қазақстан, 1993. – 168 б.
- 6 Сақ Қ. Алаш мұрасы. - Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2014, - 288 б.
- 7 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995.-340 б.